

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ  
ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ  
(СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ)



АГЕНТСТВО  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ  
КОРРУПЦИИ  
(АНТИКОРРУПЦИОННАЯ СЛУЖБА)

010000, Астана қаласы,  
С.Сейфуллин көшесі, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана,  
улица С.Сейфуллина, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан халқы  
Ассамблеясынан сайланған  
Парламент Мәжілісінің  
депутаттарына

2022 жылғы 1 желтоқсандағы, № ДЗ-355 хатқа

**Құрметті депутаттар!**

Агенттік квазимемлекеттік сектор субъектілері мен екінші деңгейдегі банктер арасында шарттар жасасу және орындау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің және сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін мән-жайлардың бар-жоғын тексеру туралы сұрау салуды қарап, мынаны хабарлайды.

Бұл мәселелер «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ (бұдан әрі – Орталық) және әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі – ӘКК) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде зерделеу нысанасы болып табылды.

**«Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ**

Орталықты қаржыландыруға бөлінген қаражаттың бір бөлігі 2-деңгейдегі банктердегі депозиттерге орналастырылғаны анықталды. Олардың кейбіреулері кейіннен банкрот деп танылды.

Тиісті емес қаржы саясатының нәтижесінде, орталықтың қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша шығындар **2,8 млрд. теңгені** құрады.

**Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар**

2019-2021 ж.ж. кезеңінде 17 ӘКК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері белгіленді.

2017-2018 жылдары «Павлодар» ӘКК басшылығы (94 млн. теңге), «Атырау» (212 млн.) және «Байқоңыр» (600 млн.) «Астана Банк» АҚ депозиттік шоттарында бюджет қаражаты орналастырылды, бүгінгі күні Банктің банкроттығына байланысты қайтарылмаған жалпы сома – **906 млн. теңге**.

Одан басқа, талдау ӘКК-нің көпшілігінің табыстылығы ойдан шығарылған (күмәнді) екенін көрсетті, өйткені ол негізінен **банктердегі депозиттерде** орналастырылған бюджет қаражаты бойынша **пайыздар** есебінен қалыптасады.

Мысалға, 2020-2021 жылдары «Алматы» ӘКК-нің екінші деңгейлі банктердің депозиттеріне қаражатты орналастырудан түскен пайдасы 1,2 млрд. теңгені құрады (пайда сомасының 59%-ы, 2019 жылы «Алматы» ӘКК-нің қызметі тиімсіз болды).

Бұл ретте депозиттерге орналастыру үшін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыруға бөлінген ақшалай қаражат пайдаланылды.

2020-2021 жылдары азық-түлік бағасының өсу тенденциясы болғанына қарамастан, әкімдік тарапынан ешқандай әрекет жасалған жоқ.

2019-2021 жылдары банктердегі депозиттер бойынша пайыздар сомасы («Түркістан», «Ертіс», «Алматы», «Байқоңыр», «Тобыл», «Жетісу» және «Shymkent») **4,4 млрд. теңгеге** жетті, ал жалпы пайда **5 млрд. теңгені** құрады.

Жоғарыда аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің негізгі себебі 2-деңгейлі банктермен қарым-қатынас мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердегі олқылықтар болды. Бұл қатынастар, әдетте, ұйым басшылығының қалауы бойынша өзгеретін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі құжаттарымен реттеледі.

Талдау нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға мыналарға байланысты ұсынымдар енгізілді:

- 2-деңгейлі банктерде орналастырылатын уақытша бос ақша лимиттерін және оларды бюджетке артық болған кезде қайтару қажеттілігін бекіту арқылы;

- әлеуметтік міндеттерді шешуге бөлінген бюджет қаражатын банктерге орналастыруға тыйым салуды, сондай-ақ осы қаражатты мақсатсыз пайдаланғаны үшін кінәлі тұлғалардың жауапкершілігін белгілеу арқылы;

- бюджет қаражатын ЖАО-ға сұрату кезінде ӘКК-нің депозиттік шоттарында орналастырылған бос ақшаның болуы туралы міндетті есеп.

Бұл ұсынымдар қазіргі уақытта орындалу сатысында.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке бақылау-қадағалау функциялары берілмегенін, сондықтан Кәсіпкерлік кодекске сәйкес тексерулер жүргізуге құқылы емес екенін хабарлаймыз.

Сонымен қатар, өтініште жазылған мән-жайлар Агенттіктің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде ескерілетін болады.

Қосымша: 1 парақта.

**Төраға**

**О. Бектенов**



010000, Астана қаласы,  
С.Сейфуллин көшесі, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

010000, город Астана,  
улица С.Сейфуллина, 37  
тел.: (7172) 90 92 60, факс: 90 91 73  
e-mail: kense@antikor.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Депутатам Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан от Ассамблеи  
народа Казахстана

На № ДЗ-355 от 1 декабря 2022 года

### Уважаемые депутаты!

Агентство рассмотрев запрос о проверке наличия коррупционных рисков и обстоятельств, способствующих коррупции при заключении и исполнении договоров между субъектами квазигосударственного сектора и банками второго уровня, сообщает следующее.

Данные вопросы являлись предметом изучения при проведении внешних анализов коррупционных рисков в деятельности АО «Центр международных программ» (далее—Центр) и социально-предпринимательских корпораций (далее – СПК).

#### **АО «Центр международных программ»**

Установлено, что часть средств, выделенных на финансирование Центра, размещалась на депозитах в банках 2-го уровня. Отдельные из них в последующем были признаны банкротами.

В результате ненадлежащей финансовой политики убытки по краткосрочным обязательствам Центра составили **2,8 млрд тенге**.

#### **Социально-предпринимательские корпорации**

При проведении анализа в деятельности 17 СПК за период 2019-2021 годы установлены следующие коррупционные риски.

В 2017-2018 годы руководство СПК Павлодар» (94 млн тенге), «Атырау» (212 млн) и «Байқоңыр» (600 млн) на депозитных счетах АО «Астана Банк» разместило бюджетные средства в сумме **906 млн тенге**, которые на сегодняшний день не возвращены по причине банкротства банка.

Кроме того, анализ показал, что прибыльность большинства СПК является мнимой (сомнительной), поскольку в основном образуется за счет **процентов** по размещенным бюджетным средствам на депозитах в банках.

К примеру, за 2020-2021 г.г. прибыль СПК «Алматы» от размещения средств на депозитах банков второго уровня составила 1,2 млрд тенге (59% от суммы прибыли, в 2019 году деятельность СПК «Алматы» была убыточной).

При этом для размещения на депозитах использовались денежные средства, выделенные на стабилизацию цен на социально-значимые продовольственные товары.

Несмотря на наличие тенденции роста цен на продукты в 2020-2021 годы, никаких действий со стороны акимата не последовало.

За 2019-2021 годы сумма процентов по депозитам в банках («Түркістан», «Ертіс», «Алматы», «Байқоңыр», «Тобол», «Жетісу» и «Shymkent») достигла **4,4 млрд тенге**, тогда как общая прибыль составила **5 млрд тенге**.

Основной причиной указанных выше коррупционных рисков стали пробелы в нормативных правовых актах, регулирующих вопросы взаимоотношений с банками 2-го уровня. Эти взаимоотношения, как правило, регламентированы внутренними документами субъектов квазигоссектора, которые меняются на усмотрение руководства организации.

По результатам анализа в уполномоченные государственные органы внесены рекомендации, связанные с:

- утверждением лимитов временно свободных денег, размещаемых в банках 2-го уровня, и необходимости их возврата в бюджет при превышении;
- установлением запрета на размещение в банках бюджетных средств, выделенных на решение социальных задач, а также ответственности виновных лиц за нецелевое использование этих средств;
- обязательным отчетом о наличии свободных денег, размещенных на депозитных счетах СПК, при запросе бюджетных средств в МИО.

Данные рекомендации в настоящее время находятся на исполнении.

Сообщаем также, что Антикоррупционная служба не наделена контрольно-надзорными функциями, следовательно, неправомочна проводить проверки в соответствии с Предпринимательским кодексом.

Между тем обстоятельства, изложенные в обращении, будут учтены при проведении Агентством внешних анализов коррупционных рисков.

Приложение: на 1 листе.

**Председатель**

**О. Бектенов**